

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қараша N 1254

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 11-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қорға сақтандыру ұйымдарының міндетті қатысуы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделуі мүмкін.";

2) 37-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) егер сақтандыру ұйымының мұндай қорға міндетті түрде қатысуы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген болса, міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде сақтанушылардың (сақтандырушылардың, пайда алушылардың) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қорға қатысу шартының нотариат куәландырған көшірмесін табыс е т у г е т и і с . " ;

екінші бөлігінде "5) - 8)" сандары ", 10)" санымен толықтырылсын;

3) 54-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қорға міндетті немесе төтенше жарналарды соңғы он екі айдың ішінде екі және одан да көп төлемеген, уақтылы төлемеген не

толық төлемеген жағдайларда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокері лицензиясының қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла
т ұ р а д ы . " ;

4) 72-баптың 1-тармағында:

5) тармақшадағы "талаптары" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жүзеге асырылған кепілдік төлемдері бойынша, міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде сақтанушылардың (сақтандырушылардың, пайда алушылардың) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қордың талаптары" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК